

Күміс пен алтын туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 8 тамыз 1994 ж. N 312-ө

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасында "берімдік" шарты негізінде металлургиялық шикізаттардағы бағалы металдарды ұқсату бойынша өзара есеп айырысуларды және олардың иелеріне қайтарылуын жүзеге асыру мақсатында:

1. "Алтын-алмас" Ұлттық акционерлік компаниясына Өзбекстан Республикасына (Алмалық тау-кен металлургиялық комбинатына) мыналарды шығаруға рұқсат етілсін:

"Шымкент қорғасын зауыты" акционерлік қоғамынан Доре қорытпасындағы алтын және күміс тиісінше 28,021 кг және 2803,1 кг;

"Өскемен қорғасын мырыш комбинаты" акционерлік қоғамынан 13170 кг аффинирленген күміс.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі "Алтын-алмас" Ұлттық акционерлік компаниясына көрсетілген бағалы металдарды шығару үшін белгіленген тәртіпке сәйкес лицензия берсін.

Премьер-министр